

«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры  Е.Т.Сейлханов
«31» 108 2018 ж.

ОҚУ ӘДЕБИЕТІН ДАЙЫНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқу, оқу —әдістемелік қуралдар, әдістемелік иұсқаулар, практикумдарды дайындау, сараптамадан өткізу және жариялау жұмыстарын ұйымдастыру туралы осы Ереже

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабы 27 тармағына, оқу орындарында оқу әдебиеттерін дайындау мен баспадан шығаруды ұйымдастыру ережесіне сәйкес әзірленді және оқуәдебиеттерін әзірлеу, сараптамадан өткізу мен жариялаудың ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2. Оқулықтар ҚР БФМ бекіткен Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ҚР білім және ғылым министрімен бекітілгентиптік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес әзірленеді.

1.3. Жыл сайын, ағымды жылдың 28 тамызына дейін, оқытушылар ЦЭК(ПЭК) жетекшілері оқу құралдарын дайындау жоспарын, сонымен бірге оқу құралының басылымға шығару дәйектемесі енгізілген жеке жоспарларын тапсырады.

1.4. Жыл сайын, ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін, ЦЭК жетекшілері әдістемелік кабинетіне басылым жоспарын келесі түрде ұсынулары тиіс:

1.5. Оқу материалдарын сараптау жұмысын колледждің жоғары, бірінші санаттағы оқытушылардан құрылған, жыл басында колледж директордың бұйрығымен бекітілген сараптама комиссиясы жүргізеді.

1.6. Оқу әдебиетін жасаушы әдістемелік кеңесінің сараптама комитетіне келесі құжаттарды тапсырады:

а) оқу әдебиеті сұлбасының бір данасын (баспа және электрондық);

б) жариялау үшін ұсынымдар ЦЭК/ПЭК отырысынан көшірме;

тақырыбы (оқулықтың, оқу құралдың, сөздіктің, т.б..);

жоспарға сәйкес берілген болімді оқытуға сағат бөлінеді;

берілген оқу құрал(оқулық) бірінші рет басылады, немесе қайта шығарылады(өзгертуі, жылы);

жазылу стилі;

қорытындысы-басылу немесе қайта басылу қажеттілігі.

в) ғылыми дәрежелері бар мамандардың шолуы (ішкі, сыртқы).

1.7. Сараптама материалдардың сарапшылар комиссиясына берілген күнінен бастап, 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады. Сараптама материалы колледж әдістемелік комиссиясында талқыланып, оқу үрдісінде қолдануына ұсыныс береді.

1.8 Сараптама комиссиясының негізгі критерийлері:

оқу басылымының тақырыптары, қолдану шенбері;

- инновациялық қызметінің түрі (жаңа дидактикалық тәсілдерінің әзірлемелері, жаңа әдіс-тәсілдерінің формаларының апробациялары);
- оқу әдебиетінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартына, оқу бағдарламасына, оқу материалының негізгі дидактикалық принциптеріне сәйкестігі;
- басқа оқу басылымдардан сапалық айырмашылығы болуы.

1.9. Сараптама комиссиясының жұмыс нәтижесінің негізінде колледждің Әдістемелік кеңесі шешімімен қабылдайды:

- негізгі немесе қосымша әдебиеті ретінде бекітіледі;
- толықтыруға жіберіледі;
- қабылдамауды бекітеді.

1.10 Екі рет түзеуге беріліп, қателері жойылмаған оқу-әдістемелік әдебиеті одан әрі қарастырылмайды.

1.11 Сараптама комиссиясымен мақұлданған оқу құралдарының авторлары өз жұмыстарын Республикалық кітап палатасында тіркеуге құқыктары болады.

1.12 Кей жағдайларда, уақыт талабы сақталмағанда, берілген жұмыс автоматты түрде басылым жоспарынан алынып тастанынады. Автор аталмыш жұмысты келесі жылы ұсыну құқығынан айырылады (белгіленген уақытта жұмыстың көрсетілмеуінің дәлелді себептері болмаса).

2. ОҚУ ҚҰРАЛЫН ӘЗІРЛЕУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Оқу құралы құзыреттілікті дамытуға, білім алу үрдісінің нәтижесіне бағытталған, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауға арналған. Әдебиет міндettі түрде бәсекеге қабілетті тұлганы даярлауға жағдай жасау тиісті. Оқу әдебиеті білім беру үрдісінің нақты жағдайда, нақты нәтижеге жетуіне мүмкіндік беру тиіс.

Оқу құралдарына қойылатын жалпы талаптар:

- мақсатты бағыттылық, оқу құралдарының нақты міндеттері мен мақсаттарының қойылуы;
- құрылымның айқындылығы, сұрақтарды қарастыру кезіндегі ғылымилық дәлелдеменің нағымды болуы;
- автордың оқу құралында қолданған түсініктер мен анықтамалар, терминологияны ашып көрсетуі;
- баяндаудың нақтылығы, сауатты түрде рәсімдеу.

Оқу құралының жазылу стилі ғылыми болуы тиіс. Онда әдеби, эмоционалды тіркестер, эпиграфтар, лирикалық оралымдар қолданылмайды. Оқу-құралы мазұнының қысқа да, анық болуымен, қарастырылған мағұлматтар толық және айқын көрсетілуімен ерекшеленуі керек.

3. ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРИ

Оқулық - оқу пәнінің жүйелі мазмұны енгізілген, оқу бағдарламасына сай жазылған және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген нақты бір пәнге арналған негізгі оқу басылымы.

- окулықтың атауы міндettі түрде МЖМБС-ғы пәннің атауымен сәйкес келуі қажет;

- бітірушінің біліктілік сипаттамасының барлық аспектілерін баяндайтын бөлімдер мен тақырыптар енеді;
- дайындық профиліне байланысты сол пәннің негізгі элементтерінен құрылады, назар аударуға тиіс тақырыпты көрсете отырып, берілетін материалды жүйелеп және дәл құру керек;
- басқа пәндерді қайталауды болдырмау және оқу материалын көп тапсырмау қажет;
- оқулық ғылыми зерттеу болмағандықтан, материал қарапайым, түсінікті тілде берілу қажет.

Оқу құралы - оқулықты жартылай немесе түгелдей толықтырушы не алмастыру-шы және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген оқу басылымы. Оқу құралы пәнді түгелдей қамтымайды, тек алынған бағдарламаның бір бөлігін (бірнеше бөлімдерді) ғана қамтиды. Оқу-әдістемелік құрал - сабак беру әдістемесінің, оқу пәнін үйренудің, оның тарауын не бөлімінің материалдарын қамтыған оқу басылымы.

Көрнекі оқу құралы - оқу ақпараты иллюстративті материал (атлас, фотосурет альбомы, рентгенограмма, графикалық схема, кесте, т.б.) түрінде берілген, оқуға, дәріс беруге немесе тәрбиелеуге көмектесетін басылым.

Оқу жинағы - оқытудың белгілі бір сатысына арналған және құрамына оқулық, оқу құралы, жұмыс дәптері, анықтамалық басылым енетін оқу басылымдарының жинағы.

Оқу-әдістемелік кешен (ОЭК) (әдістемелік әзірленімдер, әдістемелік нұсқаулық, оқу-әдістемелік құрал, т.б.) - жеке пәннің бағдарламасы бойынша құрылған және оның негіздерін терең менгеруді қамтамасыз ететін, оқулықты толықтыратын басылым.

Терминологиялық сөздік - білімнің белгілі бір саласының терминдері немесе тақырыптары және олардың түсіндірмесі берілген сөздік. Практикум-игерілген теориялық білім негізінде оқыту материалын тереңдете бекітүге себепші болатын оқу құралы. Оқу құралының мазмұны материалды түрліше мәлімдейтін бәлімдерге бөлінген. Онда, атап айтқанда, оқу пәні бойынша практикалық тапсырмалар сериясы ұсынылады:

Жаттығулар, тапсырмалар, дидактикалық материалдар, тренингтер, рөлдік үйретуге арналған және дамытушы ойындар талдау мен шешімді талап ететін тәжірибелік жағдайлар.

Тапсырманың түріне, оларды орындау бойынша әдістемелік көмек көрсету, студенттердің өзіндік жұмыс жасау қабілеттерін дамыту мақсатында түсініктемелер, талдаулар, практикалық кеңестер беріледі. Қосымша ретінде сөздіктер (мысалы, оқытылып жатқан тілдер бойынша),

глоссарий, жадынамалар, иллюстрациялар және қосымша материалдың басқа да элементтері орналасуы мүмкін.

Практикалық оқу құралында жеке авторлық материалдармен қатар құрастырушылар атап кететін басқа дерек көздерінен алынған материалдар тізімі қолданылады. Оларға мәтіндер, технологиялар, үлгілер, әдістемелер, өндөлген оқу бағдарламалары, жобалық жоспарлар менолардың үлгілері және т.б. жатады. Әдістемелік нұсқаулар оқу

құралының түрі ретінде оқу материалын зерттеуде қандай да бір мәселеге арналуы мүмкін. Онда осы мәселенің сипаттамасы және оны шешудің нақты жолдары мен тәсілдері көрсетіледі. Нұсқаулық иллюстративті материалмен берілуі мүмкін. Қорытындыда берілген мәселе бойынша қолданылған әдебиеттер тізімі беріледі.

4. ОҚУ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Оқу-әдістемелік әдебиет:

- 1) Титул парағынан;
- 2) Қысқарған сөздер тізбесінен;
- 3) Мазмұннан;
- 4) Кіріспеден;
- 5) Негізгі бөлімнен;
- 6) Қорытындыдан;
- 7) Тест тапсырмаларынан;
- 8) МЖМС сәйкес құрылған библиографиялық тізімнен тұруы керек.